



## **Үлкен Нарын ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын ауданы мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 3/16-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 02 сәуірде № 8987-16 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Үлкен Нарын ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үлкен Нарын ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Ж. Сыдыкова*